ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 27 тамыз №2301-24-00-2/2255 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, алдын ала сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысының білім беру басқармасы Атырау қаласының білім бөлімі «С.Датов атындағы №26 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «DARHAN» басшысы Исмагулова Сауле

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.Н.Исмаилова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 03 маусымда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №89 шарт (келесіде – шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшы/тапсырыс берушіге машиналық өндіріс, химиялық текстиль материалынан жасалған, тоқылған, түкті 2 дана кілемді шарт күшіне енген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 03 шілдеге дейін орындауға міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын, тауарды жеткізбегенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, жауапкер басында кілемді жеткізетінін айтқанын, кейін байланысқа шықпағанын, тауарды жеткізбегенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкермен сотқа талапқа қарсы пікір жолданбаған.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің дәлелділігі жөнінде сотқа

мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан ауызша бас тартқан, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден АПК-нің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 172,196, 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысының білім беру басқармасы Атырау қаласының білім бөлімі «С.Датов атындағы №26 жалпы орта білім беретін мектеп»

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 02.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2024, судья Балмуханова А. Р., 04.10.2024

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «DARHAN» басшысы Исмагулова Саулені мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «DARHAN» басшысы Исмагулова Сауле мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «DARHAN» басшысы Исмагулова Сауледен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама

Сот шешімі 2024 жылдың «03» қазанында заңды күшіне енді.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 02.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2024, судья Балмуханова А. Р., 04.10.2024

2301-24-3-1/2390